ACCU-CHEK® Active

Roche

KK

ОСЫ ЖЕРДЕН БАСТАҢЫЗ

БАСТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫСҚАША НҰСҚАУЛЫҚ

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Тұншығу қаупі

Бұл өнімде жұтылып кетуі мүмкін кішкентай бөлшектер бар. Ұсақ бөлшектерді кішкентай балалар мен ұсақ бөлшектерді жұтып қоюы мүмкін адамдардан аулақ ұстаңыз.

Денсаулыққа байланысты елеулі оқыс оқиға қаупі

Глюкометр мен тесу құрылғысының дұрыс жұмыс істемеуі денсаулыққа байланысты елеулі мәселеге немесе зақымға себеп болуы мүмкін.

Бұл бастау жөніндегі қысқаша нұсқаулық глюкометрмен және тесу құрылғысымен бірге берілетін толық пайдаланушы нұсқаулықтарын алмастырмайды.

Пайдаланушы нұсқаулығындағы қауіпсіздік ақпаратын міндетті түрде сақтаңыз. Сынақ жолақтарымен бірге келетін қосымша парақшаны оқыңыз.

Инфекция жұғу қаупі

Тесу құрылғысын жаңуя мүшелері болса да бір адамнан артық пайдаланса немесе медицина қызметкерлері осы тесу құрылғысын басқа адамдардан қан алу үшін пайдаланса, ауру жұғу қаупі бар.

Accu-Chek Softclix тесу құрылғысы тек жеке мақсатта пайдалануға арналған!

Оны тек бір адамнан қан алу үшін пайдалануға рұқсат етілген. Тесу құрылғысы денсаулық сақтау нысандарында немесе мекемелерінде кәсіби мақсатта пайдалануға жарамайды.

Инфекция жұғу қаупі

Адамның қанына тиген кез келген зат инфекцияның ықтимал көзі болып табылады.

Глюкометрді кәсіби пайдаланғанда, медицина қызметкерлеріне арналған ақпаратты сақтау қажет (глюкометрдің пайдаланушы нұсқаулығындағы *Бірнеше емделушіде сынау* тарауын қараңыз).

Жалпы шолу: глюкометр және сынақ жолағы



1 Дисплей

2 Түймелер

3 Сынақ жолағының бағыттауышы

4 Сынақ жолағы

Accu-Chek Active глюкометрімен танысыңыз. Сынақ жолақтарымен бірге келетін қосымша парақшаны оқыңыз.

Тесу құрылғысын дайындау

Accu-Chek Softclix тесу құрылғысымен танысып алыңыз.



Тесу құрылғысынан қақпақты алыңыз.



Жаңа ланцетті ланцет ұстағышына енгізіңіз. Ланцет орнына сырт еткен дыбыспен бекітілуі керек.



Қорғағыш қақпақты ланцеттен бұрап алыңыз.



Қақпақты тесу құрылғысына қайта қойыңыз. Қақпақ орнына сырт еткен дыбыспен бекітілуі керек.



Қақпақты қажетті тесу терендігі орнағанша бұраңыз. Төменгі тесу терендігінен бастаңыз, мысалы 2.

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Инфекция жұғу қаупі

Пайдаланылған ланцеттер стерильді болмайды.

Қан алғанда, әрқашан жаңа ланцетті пайдаланыңыз. Мұны орындау арқылы сіз инфекция қаупін азайтасыз және қан алуды ауыртпай дерлік орындайсыз.

ЕСКЕРТПЕ

Егер Accu-Chek Active глюкометріне немесе Accu-Chek Softclix тесу құрылғысына қатысты қосымша көмек қажет болса, тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

Соңғы жаңартылған күні: 2021-07

CE 0123

ACCU-CHEK және SOFTCLIX – Roche компаниясының сауда белгілері.

© 2021 Roche Diabetes Care

Roche Diabetes Care GmbH
Sandhofer Strasse 116
68305 Mannheim, Germany
www.accu-chek.com

09417559001(02)

PDF eckerts3 - Jul 27, 2021

Approved according to SHR SOP 04.07.08 Att. A Vers.4.9

Kat. 03

The Signature will not be printed!

GD/LAY eckerts3 - Jul 27, 2021

PM/LAB obermans - Jul 29, 2021

LAN tsifisa - Jul 29, 2021

Қан глюкозасын сынау

1

Қолдарыңызды жылы сумен сабындап жуыңыз.
Қан алу алдында қолыңызды құрғатыңыз.

2

Сынақ жолағы контейнерінен бір сынақ жолағын алыңыз.
Қақпақты нығыздап жабыңыз.

3



Сынақ жолағын майыстырмай, сынақ жолағының бағыттауышына көрсеткілердің бағытымен салыңыз.

4



Қайыру түймесін барынша төмен басыңыз. Босату түймесінің ортасы сары болғанда, тесу құрылғысы қайырылады.

5



Тесу құрылғысын саусақ ұшы жағындағы таңдалған тесілетін жерге қарай қатты басыңыз.
Сары босату түймесін басыңыз.

6

Дисплейде жыпылықтап тұрған тамшы таңбасы көрсетілгенде:
Қан тамшысын сынақ аймағының ортасына (жасыл шаршы) жағыңыз.

7

Жыпылықтап тұрған құмсағат белгісі сынақтың орындалып жатқанын білдіреді.

8



Шамамен 5 сек. кейін сынақ нәтижесі дисплейде көрсетіліп, глюкометр дыбыстық сигнал береді.

Ланцетті тастау

1

Тесу құрылғысынан қақпақты алыңыз.
Шығару механизмін алға сырғытыңыз. Пайдаланылған ланцет тесу құрылғысынан шығарылады.

⚠ САҚТЫҚ ШАРАСЫ

Инфекция жұғу қаупі
Пайдаланылған ланцет инесі қорғалмаған және кездейсоқ тиіп кетуі мүмкін. Инфекцияның алдын алу үшін қолданылған ланцетті инесі зақым келтірмейтіндей етіп тастаңыз.

Қақпақты қайтадан кигізіңіз.

Қате туралы хабарламалар

Егер қате пайда болса, төмендегі нұсқауларды орындаңыз. Глюкометрді өшіріңіз. Жағдайға байланысты, M түймесін және S түймесін қатар басу немесе сынақ жолағын глюкометрден алу арқылы глюкометрді өшіруге болады.

E-1	Сынақ жолағына басылған көрсеткілер мен сынақ аймағын бетін жоғары қаратып ұстаңыз. Сынақ жолағын майыстырмай, сынақ жолағының бағыттауышына көрсеткілердің бағытымен салыңыз. Сынақ жолағы орнына бекітілгенін сезуіңіз керек. НЕМЕСЕ Қан глюкозасы деңгейінің немесе бақылау сынағын жаңа сынақ жолағымен қайталаңыз. НЕМЕСЕ Өлшем терезесін тазалаңыз.
E-2	Қан глюкозасы деңгейінің немесе бақылау сынағын жаңа сынақ жолағымен қайталаңыз.
E-4	USB кабелін алып, қан глюкозасы деңгейінің немесе бақылау сынағын жаңа сынақ жолағымен қайталаңыз.
E-5	Орныңызды ауыстырыңыз немесе электромагниттік сәулеленудің көзін өшіріңіз.
E-5	Көлеңкеленген орынға барыңыз немесе глюкометрді, мысалы, денеңізбен көлеңкелеңіз.
EEE	Қан глюкозасы деңгейінің немесе бақылау сынағын жаңа сынақ жолағымен қайталаңыз. Егер қате туралы хабарлама қайта көрсетілсе, глюкометрде ақау бар. тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.
ttt	Қоршаған орта температурасы +8 және +42 °C аралығында екенін тексеріп, глюкометрдің температураға бейімделгенін күтіңіз.